

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензиарларды айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 ақпандағы № 69 қаулысы

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын лицензиарлар болып айқындалсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 8 а қ п а н д а ғ ы  
№ 6 9 қ а у л ы с ы н а  
қ о с ы м ш а

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 ақпандағы № 89 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 14, 255-қ ұ ж а т ) .

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 22 қарашадағы № 1254 қаулысының 1-тармағының 4) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 66, 895 - қ ұ ж а т ) .

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 166 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір

шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 13, 115-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК